Бастауыш әдістемелік бірлестігінің 2022 – 2023 оқу жылында 03.04 – 11.04 аралығында бастауыш әдістемелік бірлестігінің

«Жаңа білімге – жаңа көзқарас» тақырыбында өткізілген эстетикалық пәндер апталығының талдауы 2022 – 2023 оқу жылында «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімінің Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ -нің бастауыш әдістемелік бірлестігінде 5 – бастауыш мұғалімі қызмет етеді. Модератор – 2, Санатсыз- 3. Барлық мұғалімдер диплом бойынша мамандықтарымен қызмет етеді.

№	Өтілетін сабақ	Өтілетін сабақтың тақырыбы	Сынып	Пән	Мерзімі	Уақыты	Жауапты
Апталықтың салтанатты ашылуы							
1	Ашық сабақ	«Жарыс элементтері бар ойындар.»	3	Дене шынықтыру	04.04.2023	9.20 – 10.05	Рахимова Г.К
2	Ашық сабақ	«Ғарыш әуені» «Ән көңілдің базары»	4	музыка Сыныптан тыс іс-шара	05.04.2023 07.04.2023	10.20 – 11.05 15.15 – 15.45	Тулеубаева Р.А
3	Ашық сабақ	"Өзеннің көркем нақыштары" "Ән көңілдің ажары" танымдық сайысы	3	музыка Сыныптан тыс іс-шара	06.04.2023 07.04.2023	12.05-12.50 15.05 – 16.50	Жумабекова М.С
4	Ашық сабақ	«Ұлттық тағамдар мен сусындар.» «Көңілді мәре»	1	Көркем еңбек Сыныптан тыс іс-шара	06.04.2023 05.04.2023	10.20 – 11.05 16.05 – 16.50	Қолғанат А
5	Ашық сабақ	«Дыбыстар қандай болады?» «Көңілді мәре»	2	Жаратылыстану Сыныптан тыс іс-шара	06.04.2023 05.04.2023	11.15–12.00 15.15 – 15.45	Жолжақыт Ш.
6	Ашық сабақ	Футбол ойыны	6	Дене шынықтыру	07.04.2023	12.55-13.40	Даулов Е.С.

Апталық барысында көркем еңбек, музыка, дене шынықтыру пәндерінен өткізілетін ашық сабақтар мен іс – шараларға оқушылар белсенді қатысты.

Апталықтың алғашқы күні яғни 04.04 күні 3-сыныпта дене шынықтыру пәнінен ашық сабақ өткізілді . Тақырыбы «Жарыс ойынының элементтері». Өткізген мұғалім: Рахимова К.Г. Сабақтың өтілу деңгейі: Сабақ жақсы деңгейде өтті. Сабақ өз мақсатына жетті Жарыс ойынына элементтеріне,оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты ойындар өткізілді.

Мұғалімдер тарапынан айтылған ұсыныстар: Ойын ережелерін үнемі түсіндіріп отыру қажет. Қауіпсіздік ережесін айту керек



Апталықтың екінші күні, яғни, 05.04 күні 4- сыныпта музыкадан ашық сабақ өтті. Тақырыбы: «Ғарыш әуені». Өткізген мұғалім: Тулеубаева Р.А.

Сабақтың өтілу деңгейі: Сабақ жақсы деңгейде өтті. Сабақ өз мақсатына жетті. Қолданылған әдіс – тәсілдер: аудиожазбалар, жедел жауап, ноталар. Сабақ барсында жаңа ақпараттармен оқушыларды қызықтыра алды.

Мұғалімдер тарапынан айтылған ұсыныстар: Ойын ережелерін үнемі түсіндіріп отыру қажет.

Қауіпсіздік ережесін айту керек



Апталықтың үшінші күні, яғни 06.04 күні 1 -сыныпта көркем еңбек пәнінен ашық сабақ өткізді.

Тақырыбы: «Ұлттық тағамдар мен сусындар». Өткізген мұғалім: Қолғанат А.

Сабақтың өтілу деңгейі: Сабақ жоғары деңгейде өтті. Сабақ толық өз мақсатына жетті. Қызықты заман талабына сай әдіс-тәсілдер пайдаланылды. Қолданылған әдістер: «Қара жәшік», «Қоңырау шал», «Бейнежазбаны талдау және талқылау», «Табан ізі», «Модель жаса» Оқушылар сабаққа белсенді қатысты.

Мұғалімдер тарапынан айтылған ұсыныстар: Сергіту сәтінің болмауы



Бейсенбі күні 12.05 уақытында 3 – сыныпта музыка пәнінен ашық сабақ өткізілді. Сабақ тақырыбы: "Өзеннің көркем нақыштары". Өткізген мұғалім: Жумабекова М.С.

Мұғалімдер тарапынан ұсыныстар: уақытты тиімді пайдалану

Өтілу деңгейі: Сабақ толық өз мақсатына жетті. Оқушылар сабаққа белсенді қатысты. Сабақ барысында жаңартылған бағдарламаға сай әдіс тәсілдер: «Бейнежазбаны талдау және талқылау», «әуенді тап». «постер қорғау» қолданылды. Сабақ тақырыбына сай сергіту сәті болды



Апталықтың бесінші күні, 07.04 күні 2-сыныпта дене шынықтыру пәнінен ашық сабақ өткізілді.

Тақырыбы: «Асық ату ойындары». Өткізген мұғалім: Жолжақсы Ш.

Мұғалімдер тарапынан ұсыныстар: Қауіпсіздік ережелерін қайталау

Өтілу деңгейі: Сабақ жоғары деңгейде өтті. Толық мақсатына жетті. Заман талабына сай әдіс тәсілдер қолданылды. Әдіс тәсілдер: «Бес асық», бейнежазбамен жұмыс «Омпы», Асық ойының элементтерін оқушыларға қызықтыру арқылы түсіндірді.



07.04 күні, 6- сыныпта дене шынықтыру пәнінен ашық сабақ өткізілді. Сабақ тақырыбы «Футбол ойыны». Өткізген мұғалім: Даулов Е.С.

Өтілу деңгейі: Сабақ жақсы деңгейде өтті. Мақсатына жетті. Жаңартылған бағдарламаға сәйкес әдіс тәсілдер қолданылды. Сабақ мақсатына жету мақсатына жету барсында түрлі ойын түрлерін қолданды.


Мұғалімдер тарапынан ұсыныстар: жоқ



07.04 күні түстен кейін 16:00-де 1-2 сыныптар арасында іс-шара өткізілді. Іс шара тақырыбы: «Көңілді мәре» Өткізген мұғалімдер: Қолғанат А, Жолжақсы Ш.

Мұғалімдер тарапынан ұсыныстар: жоқ

Өтілу деңгейі: Сайыс барысында оқушылар қызықты, логикалық тапсырмаларды орындап, есептер шығарды. Сонымен қатар өздерінің әртістік қабілеттерін көрсету арқылы шығармашылық тапсырмаларды орындады. Іс шараға оқушылар белсенді қатысты



07.04 түстен кейін 3-4 сыныптар арасында "Ән көңілдің ажары" атты іс шара өтті. Өткізген мұғалімдер: Тулеубаева Р.А., Жумабекова М.С.




Сайыс барысында оқушылар түрлі қызықты, логикалық тапсырмаларды орындады. Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, сөзжұмбақтарды шешіп, іс шараға белсенді қатысты. Іс шараның соңында оқушылар сыйлықтармен марапатталды.

Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі КММ-сі бойынша бастауыш сыныптардың әр пән бойынша тоқсандық мониторингісі

I-II-III – IV тоқсан салыстырмалы білім сапасы

2022 – 2023 оқу жылы пән	Сынып	Білім сапасы %							
		Оқушы саны	I	Оқушы саны	II	Оқушы саны	III	Оқушы с	IV
Математика	2-4	47	68%	45	67%	47	61.7%	47	70%
Қазақ тілі	2-4	47	68%	45	71%	47	70.2%	47	68%
Әдебиеттік оқу	2-4	47	68%	45	73%	47	70.2%	47	64%
Жаратылыстану	3-4	3-4	82%	34	89%	34	70.5%	47	83%
Дүниетану	-	-	-	45	87%	-	-	47	79%
Ағылшын	2-4	47	72%	45	67%	47	68%	47	68%
Орыс тілі	2-4	47	70%	45	67%	47	70.2%	47	68%
Білім сапасы	Бастауыш бойынша								



Жылдық қорытындысы бойынша

Пәндер	2 сынып	3 сынып	4 сынып
--------	---------	---------	---------

Математика	76,92%	71,43%	61,11%
Қазақ тілі	76,92%	71,43%	66,67%
Әдебиеттік оқу	76,92%	78,57%	61,11%
Жаратылыстану	100%	100%	72,22%
Дүниетану	100%	92,86%	72,22%
Ағылшын	84,62%	78,57%	55,56%
Орыс тілі	76,92%	85,71%	61,11%
Білім сапасы		71,43%	
Бастауыш бойынша		47%	

Гуманитарлық әдістемелік бірлестіктің жүргізілген жұмыстардың есебі

- 24 тамыз күні күнтізбелік тақырыптық жоспар тексерілді. Жоспар құру барысында жіберілген қателіктер бойынша ескертулер айтылды және түзетуге уақыт берілді
- 2022 – 2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары құрылды, бекітілді. Сабақ кестесі құрылғаннан кейін күнтізбелік -тақырыптық жоспарға күндер қойылды.



- 05 қыркүйек күні ҚР халқының Тілдері күні мерекесінің жоспары құрылып бекітілді. ГӘБ қызметкерлері жоспармен танысты.



1. 06 қыркүйек күні сынып жетекшілер «Ахмет Байтұрсынұлы – дәуірдің жарық жұлдызы» тақырыбында сынып сағатын өткізді. Кітапханашы А.Т.Секуова А.Байтұрсынұлының 150 жылдығы мен ҚР халқының Тілдер күні мерекесіне орай арналған кітап көрмесін ұйымдастырды



- 07 қыркүйек күні тарих пәнінің мұғалімдері

А.Т.Секуова, А.Қожахметова А.Байтұрсынұлының

- 150 жылдығына орай өтетін «Ахмет Байтұрсынұлы – Алаштың рухани көсемі!» атты челлендж ұйымдастырып, Өлеңті орта мектебіне жолданды

- 08 қыркүйек күні тіл мамандары Р.Ж.Сақтағанова, А.С.Шайхудинова А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына және халқы тілдері күніне орай «Мың бала» мәдени – ағартушылық жобасы өтетін «Ұлттың рухани ұстазы» тақырыбында жалпықазақстандық өткізді.



Қазақстан аясында диктант

- 09 қыркүйек күні бастауыш сынып мұғалімдері Р.А.Туллубаева, М.С.Жумабекова «Тілдің байлығы мен үндестігі» атты мақал – мәтел, жұмбақ сайысын өткізді

- 09 қыркүйек күні «Тілдерді оқыту орталығы» ұйымдастырған «Абай оқулары» байқауына қатысып бас жүлде жеңіп алған 9 – сынып оқушысы Айтжан Мақсұтхан



- 12 тағдыры» атты жетекшілер жүрегіміз!»



қыркүйек күні «Тіл тағдыры мәнгерлеп оқу байқауы өтті. қыркүйек күні сынып «Тіл құдіреті», «Тіл тірегіміз, соғып тұрған тақырыбында сынып сағатын өткізді



– ел

- 14 қыркүйек күні ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Г.Қ.Айтжанова «I know English» зияткерлік ойынын өткізді

- 15 қыркүйек күні «Тілім менің айғағы» атты концерттік
- 16 қыркүйек күні



– тірлігімнің бағдарлама өтті.



А.Байтұрсынұлының 150 жылдығы мен Қазақстан халқының Тілдері күні мерекесіне орай өткізілген онкүндіктің жабылу салтанаты өтті.

- «Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-сі бойынша 2022 жылғы 05 – 16 қыркүйек аралығында өткен іс – шаралардың бәрі әлеуметтік желілерге жіберілді
- Аудандық «Менің кіші Отаным» байқауына 9 – сынып оқушысы маханбетова Аружан қатысты (жетекшісі А.Қожахметова)
- Аудандық «Тарих шежіресі» байқауына 7 – сынып оқушысы Айтжан Әбілмансұр қатысты (жетекшісі А.Қожахметова)
- Аудандық «Ақберен» республикалық байқауына қатысып, эссе номинациясы бойынша III орынға ие болған 9 – сынып оқушысы Маханбетова Аружан (жетекшісі А.С.Шайхудинова). «Көркемсөз оқу» номинациясы бойынша 8 – сынып оқушысы Ережепов Сағындық III ие болды (жетекшісі: Р.Ж.Сақтағанова)
- Аудандық логикалық олимпиадаға қатысып I орынға ие болған 11 – сынып оқушысы Молдашев Нурдаулет облыстық олимпиадаға жолдама алды. (Жетекшілері: Айтжанова Г.К. Шайхудинова А.С.)
- Аудандық «І.Жансүгіров оқулары» байқауына қатысып III орынға ие болған 8 – сынып оқушысы Тайшыбай Қарылғаш (Жетекшісі: Шайхудинова А.С.)
- Аудандық «Мәшһүр Жүсіп Көпеев оқулары» байқауына 9 – сынып оқушысы Сәулебек Бақбол қатысып III орынға ие болды (Жетекшісі: Шайхудинова А.С.)
- 2022 жылдың 24 қараша мен 02 желтоқсан күндері аралығында 8 – 11 – сынып оқушылары арасында қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиет, ағылшын тілі, тарих пәндерінен мектепшілік олимпиада өткізілді. Олимпиадаға барлығы 13 оқушы қатысты. Каирбек Арман 10 – сынып оқушысы денсаулығына байланысты олимпиадаға қатыса алмады



жазу
орынға



- Аудандық логикалық олимпиадаға қатысып I орынға ие болған 11 – сынып оқушысы Молдашев Нурдаулет облыстық олимпиадаға жолдама алды. (Жетекшілері: Айтжанова Г.К. Шайхудинова А.С.)
- Аудандық «І.Жансүгіров оқулары» байқауына қатысып III орынға ие болған 8 – сынып оқушысы Тайшыбай Қарылғаш (Жетекшісі: Шайхудинова А.С.)

- Аудандық «Мәшһүр Жүсіп Көпеев оқулары» байқауына 9 – сынып оқушысы Сәулебек Бақбол қатысып III орынға ие болды (Жетекшісі: Шайхудинова А.С.)
- 2022 жылдың 24 қараша мен 02 желтоқсан күндері аралығында 8 – 11 – сынып оқушылары арасында қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиет, ағылшын тілі, тарих пәндерінен мектепшілік олимпиада өткізілді. Олимпиадаға барлығы 13 оқушы қатысты. Каирбек Арман 10 – сынып оқушысы денсаулығына байланысты олимпиадаға қатыса алмады

Қазақ тілі пәнінен орындарға ие болған оқушылар:

№	Код/шифр	Аты-жөні	Пәні	Сынып	I-тур	II-тур	Жалпы ұпай	Нәтиже
1	ҚҚ- 8 -02	Тайшыбай Қарылғаш	Қазақ тілі мен әдебиет	8	46	42	88	I орын
2	ҚҚ- 8-03	Ережепов Сағындық	Қазақ тілі мен әдебиет	8	44	41	85	II орын
3	ҚҚ- 9 -05	Торсанова Арай	Қазақ тілі мен әдебиет	9	47	33	80	II орын
4	ҚҚ- 10-04	Амантай Диляра	Қазақ тілі мен әдебиет	10	43	34	77	III орын
5	ҚҚ-11-01	Бекжігіт Дилара	Қазақ тілі мен әдебиет	11	45	31	76	III орын

Орыс тілі мен әдебиет пәнінен мектепшілік олимпиадасының қорытындысы:

Оқушының аты-жөні	I-кезең		II-кезең		Жалпы ұпай саны	Қорытынды
	Жалпы ұпай	Алған ұпай	Жалпы ұпай	Алған ұпай		
Каирбек Алтынай	30	19	-	-	19	III-орын
Бағдат Мұхтар	30	18	-	-	18	III-орын
Қайрат Мерей	30	27	30	25	52	II-орын
Махамбетова Аружан	30	27	30	27	54	I-орын
Молдашев Нурдаулет	30	15	-	-	15	-
Кажымурат	30	13	-	-	13	-

Арман						
-------	--	--	--	--	--	--

Ағылшын тілі пәнінен мектепшілік олимпиадасының қорытындысы:

№	Оқушының аты- жөні	Сынып	I-тур(30)	II-тур(40)	Жалпы ұпай
1.	Муханбетжанова Шакира	8	12	12	24
2.	Тайшыбай Қарылғаш	8	14	12	26
3.	Болатбек Жансая	9	20	26	46
4.	Бекжігіт Дилара	11	18	20	38

Тарих пәнінен мектепшілік олимпиадасының қорытындысы:

Код/шифр	№	Аты-жөні	Пәні	Сынып	I-тур	II-тур	Жалпы ұпай	Нәтиже
ҚТ-9-03	1	Маханбетова Аружан	Қазақстан тарихы	9	28			
ҚТ-9-05	2	Болатбек Жансая	Қазақстан тарихы	9	33	11	44	III орын
ҚТ-9-06	3	Қайрат Мерей	Қазақстан тарихы	9	34	12	46	II орын
ҚТ-9-02	4	Амантай Диляра	Қазақстан тарихы	10	28			
ҚТ-11-01	5	Молдашев Нурдаулет	Қазақстан тарихы	11	22			
ҚТ-11-04	6	Қажымұрат Арман	Қазақстан тарихы	11	33	19	52	I орын

I орынға ие болып, аудандық олимпиадаға жіберілетін оқушылардың тізімі.

Орыс тілі пәнінен – 9 – сынып оқушысы Махамбетова Аружан

Ағылшын тілі пәнінен 9 – сынып оқушысы Болатбек Жансая

Тарих пәнінен – 11 – сынып оқушысы Қажымұрат Арман

➤ 09 қаңтар күні күнтізбелік тақырыптық жоспар тексерілді. Жоспар құру барысында жіберілген қателіктер бойынша ескертулер айтылды және түзетуге уақыт берілді

➤ 2 – тоқсан мектепшілік олимпиадаға қатысып, 1 – орынға ие болған оқушылар қаңтар айында аудандық пән олимпиадасына барды. Тарих пәнінен 6 – сынып оқушысы Ақжігіт Іңкәр 3 – орынға, қазақ тілі пәнінен 8 – сынып оқушысы Тайшыбай Қарылғаш 3 – орынға, орыс тілі пәнінен 9 – сынып оқушысы Маханбетова Аружан және 5 – сынып оқушысы Кашикова Адия 3 – орынға, ағылшын тілі пәнінен 9 – сынып оқушысы Болатбек Жансая 2 – орынға ие болды.

➤ 13 – 17 ақпан айының күндері «Кіріктірілген сабақ – жаңа мазмұнда оқытудың тиімді тәсілі» тақырыбында гуманитарлық әдістемелік бірлестік апталығы өтті. Апталық өту барысында әр пән мұғалімі өз кәсіби шеберліктерін жоғарғы деңгейде көрсетті.



➤ 13 ақпан күні тарих пәнінің мұғалімі А.Т.Секуова мен география пәнінің мұғалімі А.Ж.Кульжаханова 8 – сынып оқушыларымен «Н.Ә.Назарбаев – ҚР Тұңғыш Президенті» атты тақырыпта ашық сабақ өткізді.

➤ 14 ақпан күні орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Д.И.Кобабаева 5, 6, 7 – сынып оқушылары арасында «Тайны русского языка» зияткерлік сайысын өткізді.



➤ 15 ақпан күні тарих пәнінің мұғалімдері А.Т.Секуова мен А.Қожахметова 7, 8, 9 – сынып оқушылары арасында «Жүзден жүйрік» зияткерлік сайысын өткізді.

➤ 16 ақпан күні орыс тілі мен пәнінің мұғалімі Д.И.Кобабаева ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Г.Қ.Айтжанова 7 – сынып оқушыларымен «Как склоняются порядковые числительные», numbers» тақырыбында ашық сабақ өткізді.



әдебиет мен составные «Ordinal

➤ 16 ақпан күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі А.С.Шайхудинова мен ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Г.Қ.Айтжанова 7, 8, 9– сынып оқушылары арасында «I know everything», «Логика әлемі» зияткерлік сайысын өткізді.

➤ 17 ақпан күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі А.С.Шайхудинова мен арих пәнінің мұғалімі А.Қожахметова 5 – А.Македонский әскеріне қарсы «Ескендір» поэмасы» сынып оқушыларымен «Сақтардың күресі», «А.Құнанбайұлының тақырыбында ашық сабақ өткізді.



➤ 17 ақпан күні қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Б.Қ.Абыкеева мен биология пәнінің мұғалімі Е.Байқалған 10 – сынып оқушыларымен «Адамның денсаулығы – қоғам байлығы» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

➤ 15 наурыз күні «Махамбет оқулары» аудандық 9 – сынып оқушысы Жарқын Марғұлан қатысып жүлделі 1 – болды. «Мағжан оқулары» аудандық байқауына 7 – сынып Жарқын Ұлан 3 – орынға ие болды. (Жетекшісі: Шайхудинова



байқауына орынға ие оқушысы А.С.) сынып

➤ 17 наурыз «Жас тарихшылар» аудандық байқауына 7 – оқушысы Серік Арайлым қатысып, «Мәдени мұра» номинациясы бойынша 2– орынға ие болды. 7 – сынып оқушысы Айтжан Әбілмансұр «Әскери тарих. Іздеу» номинациясы бойынша 3 – орынға ие болды. (Жетекшісі: Қожахметова А.)

➤ Аудандық қазақ тілі мен әдебиет пәнінен Қ.Бітібаева олимпиадасына қатысып

➤ I орынға ие болған 9 – сынып оқушысы Қайрат Мерей. Облыстық кезеңде III орынға ие болды. (Жетекшісі: Шайхудинова А.С.)

➤ 28 наурыз күні аудандық «Абай оқулары» байқауына – сынып оқушысы Айтжан Мақсұтхан I орынға ие болды. 12 өткен облыстық «Абай оқулары» байқауына қатысып белсенділік танытып қатысқаны үшін мадақтама алды. (Жетекшісі: Шайхудинова А.С.)



катысып 9 сәуір күні



➤ 12 сәуір күні өткен облыстық «Махамбет оқулары» байқауына қатысқан 9 – сынып оқушысы Жарқын Марғұлан (Жетекшісі: Шайхудинова А.С.)

➤ 4 сәуір күні аудандық «Фариза оқулары» байқауына қатысып I орынға ие болған 9 – сынып оқушысы Маханбетова Аружан (Жетекшісі: Шайхудинова А.С.)

➤ Тоқсандық жиынтық бақылау жұмыстарының сараптамасы.

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес, 2022 – 2023 оқу жылында оқушылардың білім, білік, дағдыларын анықтау мақсатында гуманитарлық әдістемелік пәндерінен тоқсандық бақылау жұмыстары алынып, білімдері тексерілді. Пәндер бойынша көрсеткіш төмендегідей:

Пән	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан
Қазақ тілі	77%	85%	77%	85%
Қазақ әдебиеті	75%	86%	82%	82%
Орыс тілі мен әдебиет	79%	71%	74%	74%
Ағылшын тілі	49%	53%	61%	60%
Қазақстан тарихы	62%	74%	67%	71%

Жіберілген негізгі қателер: емлелік, орфографиялық; ерекше сөз оралымдарын қолдана алмауы; көркемдік құралдардың қолданысын анықтамау; тарихи кезеңдердің маңыздылығын нақты сипаттай алмауы; ағылшын тілінен грамматикалық қателіктердің жіберілуі, шет тілдегі сөздерді жаттамауы.

Әкімшілік қорытындысы бойынша оқушылар бағдарлама материалдарын меңгерген. Мұғалімдер оқушылардың каллиграфиялық жазу дағдыларын және грамматикалық сауаттылығын дамытуға байланысты жұмыстарды күшейтуі қажет

Қорытындылай келе, гуманитарлық пәндер бірлестігінің мұғалімдері оқушылардың ой– өрісін, сөйлеу мәнерін дамыту, тілдік қорын молайту, қазақ тілін, тарихын жетік біліп, өзге тілдерді меңгерту жолында біршама жұмыстар ұйымдастырып өткізді.

➤ **2023 – 2024 оқу жылында гуманитарлық әдістемелік бірлестік мұғалімдеріне қойылатын мақсат – міндеттер:**

- 1) бір- бірімен тәжірибе алмасып, үнемі өзара сабақтарға қатысып отыру;
- 2) әрбір сабаққа дайындалу кезінде жұмысқа жауапкершілікпен қарау;
- 3) әрбір мұғалім өз білімін, өз тәжірибесін жаңа тәсілдермен толықтырып отыруы керек;
- 4) ерекше қабілетті оқушыларды анықтап, қабілетіне қарай шығармашылыққа баулу;
- 5) оқушыларды ҰБТ мен ОЖСБ – ға дайындау.

Жаратылыстану-математикалық әдістемелік бірлестігінің атқарылған жұмысына сараптама

Мектептің әдістемелік тақырыбы: «Білім берудің жаңашыл бағыттары - білім берудің сапалық кепілі»

Әдістемелік бірлестігінің тақырыбы: «Жан-жақты дамыған жаңа ғасыр тұлғасын тәрбиелеу»

Мақсаты: оқытудың жаңа инновациялық технологиясын енгізу арқылы саралап оқыту принциптерін жүзеге асыру, ой-орісі дамыған, шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- * оқушылардың сауаттылығын жетілдіру;
 - * әр оқушының білім деңгейін көтеру мақсатында жаңа педагогикалық технологиялардың тиімді әдістерін қолдану;
 - * мониторинг жүргізу арқылы жеке қабілеттерін ашу;
 - * оқушылардың шығармашыл қабілеттерін ашуға жағдай туғызу;
 - * үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты тереңдету;
 - * жаңа технологияларды кеңінен қолдану;
 - * оқу-әдістемелік кешендерді жаңартып отыру;
 - * оқу-тәрбие процесінде шығармашылық жұмыстарды кеңінен қолдану;
 - * ата-ана, мектеп, қоғам, психолог арасындағы байланысты жетілдіру;
 - * мектепшілік, қалалық деңгейдегі пәндік олимпиада, интеллектуалды ойындарға, байқауларға қатысу.
 - * оқушы бойындағы өзін – өзі дамыту, өзін – өзі тәрбиелеу, өзін өзі басқару, шешімін таба білу қабілеттерін қалыптастыру;
 - * жаңа заман талабына сай ізденгіш, жауапкершілігі зор, талапты жеткіншек қалыптастыру
- Жаратылыстану-математикалық әдістемелік бірлестігінің мұғалімдерінің сапалық құрамы:

№	барлығы	жоғары біліммен	орта арнаулы	жоғары санатты	I санатты	II санатты	санатсыз	модератор	эксперт-сарапшы	исследователь-зерттеуші	мастер
1	8	8	-	1	4	1	1	3	4	-	-

Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігінің 5 отырысы өтті.

Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігінің I отырысы тамыз айында өтті.

- 24 тамыз күні пән бағдарламалары бойынша күнтізбелік тақырыптық жоспарлар тексеріліп, бекітілді. жоспар құру барысында жіберілген қателіктер бойынша ескертулер айтылды және түзетуге уақыт берілді.
- Мектепшілік сабақ кестесі құрылғаннан кейін күнтізбелік тақырыптық жоспарларға күндер қойылды.
- Жаңа 2022 – 2023 оқу жылына арналған жаратылыстану – математикалық бірлестіктің жұмыс жоспары құрылды, бекітілді.
- Әдістемелік нұсқау хат және нормативтік құжаттар қарастырылды.

ЖМБ – те барлығы 12 пән, оның ішінде 9 негізгі пән.

пәндер	сынып	апталық	сағат саны	қамтылды
математика	5 - 6	5	180	+
жаратылыстану	5 - 6	2	72	+

алгебра	7 - 9	3	108	+
алгебра	10 - 11	4	144	+
геометрия	7 - 11	2	72	+
физика	7 - 11	2	72	+
география	7 - 11	2	72	+
химия	7	1	36	+
химия	8 - 11	2	72	+
биология	7 - 11	2	72	+
информатика	7 - 9	1	36	+
информатика	10- 11	2	72	+
дене шынықтыру	5 - 11	3	108	+
АӘД	10 - 11	1	36	+
көркем еңбек	5 - 6	2	72	+
көркем еңбек	7 - 9	1	36	+

Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігінің II отырысы қараша айында өтті.

- I тоқсан қорытындысы бойынша есеп жасалды (БЖ: Кыздарбекова А.Р.)
- қазан айында 5 – 6 сынып оқушылары арасында Республикалық олимпиада ұйымдастырылды.

Математика пәні бойынша аталмыш олимпиаданың I кезеңіне 5 сыныптан 6 (алты) оқушы, 6 сыныптан да 6 (алты) оқушы қатысты. Өкінішке орай II кезеңге біздің оқушылар өте алмады.

- I-ші тоқсан қорытындысы жасалды:
 - * Пән мұғалімдерінің мониторингі жасалып, тапсырылды
 - * I тоқсанның БЖБ алынды
 - * Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес, 2022 жылдың 17.10. – 28.10. аралығында оқушылардың білім, білік дағдыларын анықтау мақсатында жаратылыстану – математикалық әдістемелік пәндерінен тоқсандық жиынтық бақылау жұмыстары алынып, білімдері тексерілді.
 - * ТЖБ – лар алынды, нәтижелері бойынша сараптамалар тапсырылды

Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігінің III отырысы қаңтар айында өтті.

Күн тәртібінде:

- II тоқсан және жалпы I жарты жылдықта атқарылған жұмыстарға есеп (БЖ: Кыздарбекова А.Р.)
- ЖМЦ бағытындағы пәндердің берілуін бақылау (сабақтарына қатысу)
- аудандық пән олимпиадасына қатысу (БЖ: Кыздарбекова А.Р.; ЖМБ мұғалімдері)
- математика, физика, география және информатика пәндерінен жаратылыстану-математика бағыттағы пәндер апталығы. ЖМБ пәндерінің онкүндігі өтуі бойынша бақылау, өткізу. (БЖ: Кыздарбекова А.Р.; ЖМБ пәндер мұғалімдері)
- III тоқсан бойынша қорытынды бақылау және тестік БЖБ; ТЖБ жұмыстарын алу (ЖМБ пәндер мұғалімдері)

II тоқсан және жалпы I жарты жылдықта атқарылған жұмыстарға мектепшілік әдістемелік отырыста қорытынды жасалып, ұсыныстар айтылды.

Мектепшілік пәндер олимпиадалары жоспар бойынша өтті. Оқушылардың қорытынды ұпайлары есептеліп, хаттамалары мен бағалау тәртіп парақшалары уақытылы тапсырылды. Жалпы қорытынды бойынша оқушылар олимпиада тапсырмаларын орташа деңгейде орындады. Олимпиада тапсырмалары 2 кезеңнен құрастырылды және барлық жұмыстар талапқа сай толтырылды, хаттамаға жазылды.

ЕМЦ бағытындағы пәндер бойынша мектепшілік олимпиада химия пәннен

өтілген жоқ. Аудандық олимпиадаға қатысуға ұсынылатын оқушылар:

Оқушылардың аты- жөні	Сынып	Пәні
Қайрат Мерей	9	физика
Бекжігіт Дилара	11	математика
Молдашев Нұрдаулет	11	ИВТ
Қажмұрат Арман	11	география
Жарқын Марғұлан	9	биология

№	Өтетін іс-шара	Өтілетін іс-шараның тақырыбы	Сынып	Пән	Мерзімі	Уақыты	Жауапты
1	Онкүндіктің жоспарымен таныстыру	Онкүндіктің салтанатты ашылуы	5 - 11		21.11	10 ⁰⁵	ӘБ жетекшісі
2	Қабырға газеті	«XXI – ғасыр – нақты ғылымдар ғасыры»	5 - 11	---	22.11	---	пән мұғалімдері
3	Ашық сабақ	«Квадрат теңдеулерді шешу»	8	алгебра	23.11	10 ²⁰ – 11 ⁰⁵	Қыздарбекова А.Р.
5	Ашық сабақ	«Бүкіләлемдік тартылыс заңы»	9	физика	24.11	9 ²⁰ - 10 ⁰⁵	Армия Б.
5	Ашық сабақ	«Иммунитет. Иммунитеттің түрлері»	8	биол.	25.11	10 ²⁰ – 11 ⁰⁵	Байқалған Е.
6	Ашық сабақ	«Гидросфера және оның құрамдас бөлігі»	7	геогр.	28.11	10 ²⁰ – 11 ⁰⁵	Кульжаханова А.Ж.
7	Ашық сабақ	«Жолдық әдіс»	10	АКТ	30.11	12 ⁵⁵ – 13 ⁴⁰	Шакиртхан К.
8	Сыныптан тыс	«IQ сарап» интеллектуалды ойын	5 - 6	АКТ	23.11	15 ¹⁵	Шакиртхан К.
9	Сыныптан тыс	«Геометрия әлеміне саяхат» интеллектуалды ойын	7 - 9	матем.	25.11	15 ¹⁵	Қыздарбекова А.Р.
10	Сыныптан тыс	«Физика әлеміне шолу» физик. сайыс	10 - 11	физика	28.11	15 ¹⁵	Армия Б.
11	Сыныптан тыс	«Қазақстанға Ресей мигранттарын қабылдау қажет пе?» дебат	8 - 9	геогр.	29.11	15 ¹⁵	Кульжаханова А.Ж.

Аудандық олимпиада бойынша сұрақтар талқыланды. Пән мұғалімдеріне дайындық жұмыстарын күшейтуге және жұмыс бағыттары өзгертуге талап

қойылды.

21.11 - 30.11 аралығында математика-жаратылыстану пәндері бойынша «Оқу мен оқытуда жаңа инновациялық әдістер мен жаңа технологияларды қолдану» тақырыбында онкүндігі өткізілді.

Мектеп көлемінде ұйымдастырылған онкүндіктің негізгі мақсаты –

- мүмкіндігінше мектептің барлық оқушыларын белсенді қатыстыру;
- оқушылардың ойлау қабілеті мен математикалық қабілеттерін арттыру;
- математика - жаратылыстану бағытындағы пәндерінен білімдерін тереңдету;
- осы пәндерге деген қызығушылығын арттыру.

Онкүндіктің жоспары:

Жоспар бойынша жаратылыстану - математика (математика, физика, информатика, география) пәндерінен күнтізбелік жоспарына сәйкес ашық сабақтар берілді. Онкүндік барысында мұғалімдер ұйымдастырған іс-шаралар заман талабына сай ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы өтті, соның ішінде сыныптан тыс интеллектуалды сайыстар, зияткерлік ойындар мен дебат жоғары деңгейде өтті.

Өткізілген ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс – шараларға оқушылар қызығушылықпен, белсенді қатысып, әр іс - шараның жеңімпаздары анықталды. Онкүндіктің қорытындысы: жоспарланған (5) бес ашық сабақтың 4 – үі өтті. Жоспар бойынша биология пәнінен «Иммунитет. Иммунитеттің түрлері» тақырыбында 8 сыныпта ашық сабақ өткізілмеді, себебі биология пәнінің мұғалімі Байқалған Ердаулет денсаулығына байланысты емделіп келді.

Жалпы алғанда апталықтың барысы жақсы деңгейде өтті. Өткізілген сабақтар өткізу барысында дарынды оқушылар мен енжар оқушылар бірдей қатысты. Мұғалімдер сабақ беру барысында интербелсенді тақтаны пайдаланып, компьютерлік қабілеттерінің жақсы деңгейде екенін көрсете білді. Сабақтардың барлығы жақсы деңгейде өтіп, сабақ соңында талдау кезінде қатысқан әріптестер пән мұғалімдеріне тілек пікірлерін және ұсыныстарын айтты.

Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігінің IV отырысы наурыз айында өтті.

Күн тәртібінде:

- II жартыжылдықта III тоқсанның міндеттерін айқындау бойынша әдістемелік отырыс (БЖ: А.Р.Қыздарбекова)

- 9-ші және 11 сыныптары үшін емтиханға дайындық (БЖ: А.Р.Кыздарбекова)
 - мектепшілік «Зерде» және аудандық «Зерде» ғылыми жоба байқауларына қатысу (ЖМБ мұғалімдері)

- облыстық байқаулар мен олимпиадаларға ЖМБ мұғалімдері мен оқушыларды қатыстыру

1) I жартыжылдықта атқарылған жұмыстарға мектепшілік әдістемелік отырыста қорытынды жасалып, ұсыныстар айтылды. Аудандық олимпиада бойынша сұрақтар талқыланды. Пән мұғалімдеріне дайындық жұмыстарын күшейтуге және жұмыс бағыттарын өзгертуге талап қойыды.

2) 9-ші және 11 сыныптары үшін емтиханға дайындық жұмыстарын ұйымдастыру барысында пән мұғалімдері оқу ісінің орынбасары Б.Қ.Абыкееваның құрастырған кестесімен таныстырып, емтихандарға дайындық жұмыстарын жүргізілуін бастады.

3) Мектепшілік «Зерде» ғылыми жоба байқауына жаратылыстану – математикалық пәндер бағытынан 7 сынып оқушысы Серікбек Аяла қатысты. Зерттеген жобаның тақырыбы: «Ақмола облысының Ерейментау маңындағы азықтық дақылдардың түрлік құрамы». Жетекшісі география пәнінің мұғалімі А.Ж.Кульжаханова. Нәтиже: қатысушы.

4) «Ең үздік авторлық бағдарлама» аудандық байқауына біздің бірлестіктен қатысқан мұғалім жоқ. «Үздік педагог» республикалық байқауына география пәнінің мұғалімі А.Ж.Кульжаханова қатысты. Нәтиже: «Үздік педагог» республикалық байқауының аудандық кезеңінің жеңімпазы (грамота аудан тарапынан берілген жоқ)

«Үздік жас маман» VI Республикалық байқауы 22.03.2022 ж. биология пәнінің мұғалімі Байқалған Ердаулет қатысты. Нәтиже: қатысушы сертификаты берілді.

5) Облыстық байқаулар мен олимпиадаларға ЖМБ мұғалімдері мен оқушылар белсенді қатысып отырды. Нәтижелері «Оқушылардың жетістіктері» мен «Мұғалімдердің жетістіктері» кестелерінде көрсетілді.

б) III тоқсан бойынша ЖМ пәндері бойынша бақылау жұмыстары алынып, сараптамалар тапсырылды. Тоқсандық қорытынды мониторингтер жасалып, бірлестік жетекшісіне тапсырылды.

Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігінің V отырысы мамыр айында өтті.

Күн тәртібінде:

- IV тоқсан және жылдық қорытынды бойынша есеп
- мемлекеттік емтихандарды өткізуде әдістемелік нұсқаулық хаттарымен таныстыру
- Kundelik KZ –тегі әр пәннен мемлекеттік стандарт бойынша КТЖ – ларды тексеру (тақырыптардың толық қамтылуы сағат саны бойынша)
- жылдық жетістіктер бойынша есеп (А.Ж.Кульжаханова)

Пән	Сынып	Білім сапасы							
		I	II	динам	III	динам	IV	динам	жылдық
математика	5 - 6	72	77	+5	85	+ 8	85	-	84
алгебра	7 – 9	46	45	- 1	45	-	48	+ 3	45
алгебра ж/е АБ	10 – 11	37	37	-	37	-	42	+ 5	37
геометрия	7 – 11	42	42	-	42	-	46	+ 4	42
физика	7 – 11	45	48	+ 3	53	+ 5	58	+ 5	51
химия	7 – 11	56	69	+ 13	70	+ 1	69	- 1	74
биология	7 - 11	69	70	+ 1	72	+ 2	71	- 1	72
жаратылыстану	5 – 6	92	84	- 8	88	+ 4	89	+ 1	92
география	7 – 11	85	66	- 19	82	+ 16	77	- 5	82
информатика	5 - 11	100	97	- 3	100	+ 3	100	-	100

Пән	Сынып	Оқушы саны	Білім сапасы жылдық				О/с	Білім сапасы емтихан					Білім сапасы қорытынды				
			«5»	«4»	«3»	%		«5»	«4»	«3»	«2»	%	«5»	«4»	«3»	«2»	%
алгебра	9	1	-	6	4	60	10	2	4	4	-	60	-	6	4	-	60

биология		0	4	3	3	70	6	3	2	1	-	83	4	3	3	-	70
ИВТ			5	5	-	100	1	-	1	-	-	100	5	5	-	-	100
алгебра		1	1	2	7	30	10	1	2	7	-	30	1	2	7	-	30
биология	1	0	3	4	3	70	5	-	4	1	-	80	3	4	3	-	70
физика	1		2	4	4	60	3	1	2	-	-	100	2	4	4	-	60
география			1	7	2	80	1	-	1	-	-	100	1	7	2	-	80
ИВТ			4	6	-	100	1	1	-	-	-	100	4	6	-	-	100

№	Мұғалімнің аты жөні	Лауазымы	Конкурс атауы	Нәтиже
1	Кыздарбекова Айгуль Рахимжановна	Математика пәні мұғалімі	Білім беру жүйесінде адал жұмыс атқарғаны және кәсіби қызметте қол жеткізген нәтижелері үшін.ОББ	Құрмет грамотасы. Көкшетау , 2022
2	Армия Баян	Физика пәні мұғалімі	«Педстарт» қашықтық олимпиадасы 2022	I дәрежелі диплом
3	Байқалған Ердаулет	Биология пәні мұғалімі	«Үздік жас маман» VI Республикалық байқауы. 22.03.2022 «Үздік жас маман» VI Республикалық байқауы. 22.03.2022 BILIMTIME.KZ сайты ұйымдастырған ұстаздарға арналған олимпиадасы.24.03.2022 VI «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық байқауы. 2022 Ұстаздар мерекесі қарсаңында АББ мадақтамасы .2022 2021-2022 маусымашар КВН фестивалі «ОҚУ АҒАРТУ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІК ЖАС МАМАНЫ» республикалық байқауы. 2023	Сертификат I дәрежелі диплом I дәрежелі диплом II орын Мадақтама Алғыс хат I дәрежелі диплом
4	Кульжаханова Арайлым Жумакаримовна	География пәні мұғалімі	«Үздік педагог» республикалық байқауы Наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңындағы АББ мадақтамасы Аудандық деббатық турнир	Аудандық кезең жеңімпазы Мадақтама Алғыс хат

№	Оқушының аты - жөні	Сыныбы	Конкурс атауы	Жетекшісі	Нәтиже
1	Қайрат Мерей	9- сынып	«IQANAT» ОЛИМПИАДАСЫ	Байқалған Е Армия Б Кыздарбекова А.Р.	2 кезең жеңімпазы
2	Жарқын Марғұлан	9-сынып	Аудандық пән олимпиадасы (биология) 2022	Байқалған Е	III орын

3	Қажмұрат Арман	11-сынып	Аудандық пән олимпиадасы (география) 2022	Кульжаханова А.Ж	ІІІ орын
4	Кашикова Адия	5-сынып	«Ақбота» зияткерлік олимпиадасы. 4-7 ақпан. 2023	Кульжаханова А.Ж Армия Баян Байқалған Е.	1 орын
	Мустахи Меруерт	6-сынып			1 орын
	Төлеген Жансая	6-сынып			2 орын
5	Тайшыбай Қарылғаш	8- сынып	«IQANAT» ОЛИМПИАДАСЫ 2023	Кыздарбекова А.Р. Айтжанова Г.К.	І кезең жеңімпазы.
6	Молдашев Нурдаулет	11-сынып	«Лингвистика» республикалық олимпиадасының аудандық кезеңі	Кыздарбекова А.Р Кобабаева Д.И Айтжанова Г.К Шайхудинова А.С	І орын
7	Бағзатұлы Мұхтар	8-сынып	«Жарқын болашақ» республикалық шығармашылық байқауы(онлайн). « <u>Talim Group</u> » біліктілік арттыру орталығы. 1-9 сыныптар арасындағы «Кибербуллинг деген не?» номинациясы бойынша	Кыздарбекова А.Р.	І дәрежелі диплом
	Ережепов Сағындық	8-сынып			І дәрежелі диплом
	Тайшыбай Қарылғаш	8-сынып			І дәрежелі диплом
	Қайырбек Алтынай	8 - сынып			І дәрежелі диплом
8	Молдашев Нурдаулет	11-сынып	«АЛТЫН БЕЛГІ» үміткері		

Биылғы жылда анықталған кемшіліктерді алдын алу үшін келесі оқу жылына жаңа міндеттер жоспарладық.

2023 – 2024 оқу жылында жаратылыстану – математикалық әдістемелік бірлестік мұғалімдеріне қойылатын мақсат – міндеттер:

- 1) бір- бірімен тәжірибе алмасып, үнемі өзара сабақтарға қатысып отыру;
- 2) әрбір сабаққа дайындалу кезінде жұмысқа жауапкершілікпен қарау;
- 3) әрбір мұғалім өз білімін, өз тәжірибесін жаңа тәсілдермен толықтырып отыруы керек;
- 4) ерекше қабілетті оқушыларды анықтап, қабілетіне қарай шығармашылыққа баулу;
- 5) оқушыларды ҰБТ мен ОЖСБ – ға дайындау.

Тәрбие жұмысына талдау

2022-2023 оқу жылының басында әдістемелік-нұсқаулық хат және аудандық жылдық жоспар негізінде мектептің тәрбие жұмыстарының жоспары бекітілді. Жалпы мектептің тәрбие жұмысы 8 бағыт бойынша жүргізілді:

1. Рухани-адамгершілік тәрбиесі
2. Азаматтық, патриоттық тәрбиесі
3. Көркем –эстетикалық тәрбиесі
4. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиесі
5. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесі
6. Отбасы тәрбиесі
7. Ұлттық тәрбиесі
8. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Тәрбие үдерісі - бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталады. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика-оқушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргіземіз. Ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылады. Мектепте 1-11 сынып аралығында 11 сынып комплектісі бар, 1-4-сыныптарда 4 сынып, 5-9-сыныптарда 5 сынып, 10-11-сыныптарда 2 сынып бар, даярлық сыныбы - 1. Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істеді. Сынып жетекшілердің барлығы бірлестік

бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарды. Жыл бойы мектепте төмендегідей тақырыптарға басты назар аударды.

1. Тәрбие жұмысын жоспарлау, орындалуын қадағалау, қорытындысын шығару және кемшіліктермен жұмыс жасау.
2. Жасөспірімдер арасында ұшырасатын суицид көріністерінің алдын алу, оқушылардың өмір қауіпсіздігін, денсаулығын басты назарға алу.
3. Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттырудағы ата-аналардың рөлін арттыру, олардың мектеппен бірлесіп бір бағытта жұмыс жасауға бар күштерін салуға шақыру.
4. Жалпыға құқықтық білім беру жұмысы;
5. Жазғы жұмыс және демалысты ұйымдастыру.

4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көртөмендік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

Рухани-адамгершілік тәрбиесі бойынша негізгі міндеті адамгершілік мінез-құлық әдеттерін, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Ата-аналар адамгершілік тәрбиесінде мектеппен бірлесе көптеген жұмыстар атқарады, себебі адамгершілік қасиеттер бала бойына кішкентай кезінен, яғни отбасынан бастап сіңірілуі тиіс. 1-қыркүйек Білім күніне орай балалардың білімге деген құштарлығын арттыру, еліміздің білімді, тәрбиелі азаматын елжандылыққа тәрбиелеу мақсатында «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында салтанатты жиыны өтілді. Мектепте 1-қазан қарттар күніне «Қарттарым-асыл қазынам» тақырыбында зейнеттегі ұстаздарды құттықтап, үйлеріне барып баталарын алып, өз сыйлықтарын тарту етті. 11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен «Ұстаз-ұлы тұлға» атты ұстаздар күніне арналған мерекелік концерт өткізілді. «Дублер күні» өтілді. Жетекшісі Шайхудинова А.С. Оқушыларды қайырымдылыққа, адамгершілікке, жақсы үлгі өнегеге, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу қасиеттеріне, мейірімділікке, тәрбиелеу мақсатында «Қарттарым – асыл қазынам» атты тәрбие сағаттары өткізілді. «Қызды қымтап ұстаған ұялмайды», «Ұзын шаш-адам көркі» атты 8-11 сынып қыздары арасында кеңес өтілді. «Сыңғырла, соңғы қоңырау» атты мектеп бітіру түлектеріне арналған салтанатты жиын өтілді. Мектептің өзін-өзі басқару жүйесі әзірленді және бірқатар жылдар бойы қызмет етіп келді. Мектеп әкімшілігі мектептің өзін-өзі басқару жұмысына қолдау көрсетеді. «ЖАС ҰЛАН» ұйымының басшылығымен мектебімізде «Жігіт сұлтаны-2023», «Мен – елімнің ұланымын» байқаулары өткізілді. Д.Қонаевтың 110 жылдығына орай «Ғасырдың дара перзенті» тақырыбында сынып сағаттары өтті, кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оқушыларды адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында «Адал ұрпақ» клубының жетекшісі Қожахметова Ә.З. «Сыбайлас жемқорлық деген не?» тақырыбында 8-11 сыныптарда дөңгелек үстел өткізді. 5-11 сыныптарда «Сыбайлас жемқорлық-мемлекеттің беделіне нұқсан келтіретін дерт» сынып сағаттары өтті. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Секуов А.Ж. қаржылай 100000 тг, көлемінде демеушілік танытып, 2-4 сынып оқушыларына тегін буфеттік тамақтандыруды ұйымдастырды. Балаларды жәбірлеудің (буллинг) профилактикасы бойынша жасөспірімдерді адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында «Буллинг, кибербуллинг деген не?» тақырыбымен сынып сағаттары өтілді. Бүкіләлемдік аутизм айлығы қарсаңында мектеп психологі Асқарова М.Ж. ұстаздар арасында «Балалар аутизмі» тақырыбында дәріс оқыды. Оқушыларды достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында «Берік қарым-қатынас орнату» тренинг өткізді. Оқу жылының аяқталуына байланысты «Отан» тақырыбында, 1-4 сыныптарда, «Электр тоғының қауіпсіздігі» тақырыбында 5-11 сыныптарда сынып сағаттары өтілді. 4-сынып оқушыларымен «Қош бол, сүйікті бастауыш мектеп!» мерекесі өтілді. Балалар өздерінің төрт жыл бойы алған білімдерін, үйренген ән-билерін ортаға салып тамаша кеш өткізді. Мектеп бітіруші түлектерге арналған «Сыңғырла, соңғы қоңырау» салтанатты жиыны өтілді. Жалпы рухани-адамгершілік бағыты бойынша барлық шаралар жоғары деңгейде өз уақытында өткізіліп, талдау жасалынды, себебі рухани тәрбие адамгершіліктің бастауы, адамгершілік қасиеттердің қайнар көзі.

Азаматтық, патриоттық тәрбиесі бағытында оқушыларға ҚР мемлекеттік рәміздерін бағалап, ҚР Конституциясын құрметтеуге баулу жұмыстары атқарылды. Ана тіліне деген құрмет пен сүйіспеншілікті нығайту, өз құқықтары мен міндеттерін біле келе жауапкершілікті сезіну, өз Отанының патриоты болуға тәрбие беру міндеттелді. «Адалдық сағаты» акциясы бойынша «Шындыққа жаны жақын Төлеген Қажыбай» атты адалдық сағаты 5-11 сыныптарда өтілді. Ел Тәуелсіздігі күніне орай «Тәуелсіз елім-тірегім» тақырыбында 1-11 сыныптарда сынып сағаттары өтілді. Кітапханашы Секуова А.Т. «Елімнің еркіндігі-Тәуелсіздік» тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырып, танымдық сағат жүргізді. Тарих пәнінің мұғалімі Қожахметова Ә.З. «Ел тарихы-жер

тарихы» атты дөңгелек үстел өткізді. Өзін-өзі басқару ұйымының тәлімгері Ристан Е. «Тәуелсіздік-елімнің еркін жолы» диалог алаңын 8-9 сыныптарда өткізді. Көркем еңбек мұғалімі Хумар А. «Мен және менің елім» тақырыбында сурет көрмесін ұйымдастырды. «Ұстаз-ұлы тұлға» ұстаздар күні мерекесіне арналған іс-шара өз деңгейінде өтілді. Ұйымдастырған 11-сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Шайхудинова А.С. Оқуға құштар мектеп жобасы бойынша «А.Байтұрсынұлы- дәуірдің жарық жұлдызы», «А.Байтұрсынұлы –Алаштың рухани көсемі» қазақтың аса көрнекті қайраткері А. Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған сыныптан тыс жұмыстар атқарылды. «Мың бала» мәдени-ағартушылық жобасы аясында «Ұлттың рухани ұстазы» тақырыбында жалпықазақстандық диктант жазба жұмысы ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары арасында 1-8 сыныптарда «Тіл тағдыры-ел тағдыры» атты мәнерлеп оқу сайысы өтілді. М.Әуезовтың 125 жылдығына арналған сынып сағаттары 5-11 сыныптарда өтілді. Қазақтың бұлбұл әншісі Роза Бағланованың жүз жылдығына орай сынып сағаттары 1-11 сыныптарда өтті. М.Мақатевтың туған күніне байланысты «Қазақтың ақиық ақыны-М. Мақатаев» тақырыбында 5-11 сыныптарда сынып сағаттары өтілді. 25 қазан Республика күніне орай жоспарға сәйкес «Менің елім-Қазақстан» тақырыбында сынып сағаттары 1-11 сыныптарда жүргізілді. «Қыран елім-Қазақстан» тақырыбында 1-5 сынып оқушылары мәнерлеп өлең оқыды. «Қазақ халқының патриоттық рухын дәріптейтін Илияс Есенберлин» адалдық акциясы барысында адалдық сағаты 8-11 сыныптарда өтілді. Қазыбек Келдібекұлының 335 жылдығына орай 8-11 сыныптарда сынып сағаттары өтілді. «Бала құқығы-адам құқығы» онкүндігі аясында «Менің құқығым және міндеттерім» тақырыбымен 1-11 сыныптарда сынып сағаттары өтілді. Мектептің өзін-өзі басқару ұйымы 1-4 сыныптарда «Менің азаматтық құқығым» тақырыбында сыныптан тыс жұмыс жүргізді. «Адал ұрпақ» клубының жетекшісі Қожахметова Ә.З. «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында 9-11 сыныптарда дөңгелек үстел өткізді. «Балалар өкілеттігі» клубының ұйымдастыруымен құқықбұзушылық түсінігі және түрлері туралы диалог алаңы 8-9 сыныптарда өтілді. Тәлімгер Ристан Е. жетекшілігімен Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылдың 16 күні жаһандық науқаны аясында «Отбасы дағдарысы» тақырыбымен 7-8 сыныптарда дебаттық пікір сайысы өтілді. «Отбасы-өмір айнасы, Отбасы құндылығы» тақырыптарында 1-11 сыныптарда сынып сағаттары өтілді. Көркем еңбек мұғалімі Хумар А. «Балаға мейірімді Қазақстан» тақырыбында сурет көрмесін ұйымдастырды. Жергілікті уәкіл инспекторы Искаков А.Т қатысуымен мектеп оқушылары мен қызметкерлері арасында құқықбұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Мектеп бойынша қауіпсіз қозғалыс бағыты» тақырыбында 1-11 сыныптарда диалог алаңы өтілді. Құқықбұзушылыққа байланысты «Заңды бұзу-заман талабы» тақырыбымен 5-11 сыныптарда сынып сағаттары өтілді. Ауған жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылуына 34 жыл толуына орай 8-11 сыныптарда сынып сағаттары өтілді. Аудан көлемінде өткен әскери эстафеталық ойынға мектебіміздің бес оқушысы қатысып, әрбір эстафета бойынша марапаттарға ие болды. Жетекшісі АӘД мұғалімі Байқалған Е. Құқықбұзушылыққа байланысты оқушылар арасында өзін-өзі басқару ұйымының жетекшісі Ристан Е. «Қоғамдағы тәртіпсіздік пен құқықбұзушылыққа мүлдем төзбеушілік» тақырыбында 8-9-10 сыныптарда танымдық сағатын өткізді. Зорлық-зомбылықтың және кәмелетке толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың профилактикасы бойынша мектеп психологі Асқарова М.Ж. «Ерте жүктіліктің салдары» атты тақырыпта 7-11 сыныптарда түсіндірме жұмысын жүргізді. 7-мамыр Отан қорғаушылар күніне байланысты «Мен-елімнің ұланымын» тақырыбында «Жас Қыран» ұйымы ер балалар арасында байқау ұйымдастырды. 5-7 сынып оқушылары қатысып, белсенділік танытты. Мектеп кітапханашысы Секуова А.Т. «Отан қорғау-сенің борышың» атты кітап көрмесін ұйымдастырды. 8-10 сынып ер балалары арасында АӘД жетекшісі Байқалған Е. «Жігіт Сұлтаны-2023» байқауын өткізді. Сайыста өзінің алғырлығымен, шапшаңдығымен және өнерлілігімен алға суырылып шыққан 9-сынып Саулебек Бақбол 1-ші, Қайырбек Арман 2-ші, 10-сынып, Бопалаков Абдурахим 3-ші 8-сынып алды. Ақмола облысы төтенше жағдайлар департаменті Ерейментау ауданының төтенше жағдайлар бөлімі» РММ-нің номер 21-07\30-14\11-97 шығыс хаты негізінде ұйымдастырылған «Өрт қауіпсіздігі» тақырыбында сурет салу байқауына 3-ші сынып оқушысы Жанжігіт Ж. қатысып, 3-ші орын және арнайы сыйлықтарға ие болды. Оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында «Ер жігіт-ел қорғаны» тақырыбымен 1-11 сыныптарда сынып сағаттары өтілді. 9-мамыр-Ұлы Жеңіс күні мерекесі қарсаңында 1-11 сыныптарда оқушыларды елжандылыққа, батылдыққа тәрбиелеу мақсатында «Біз батырлармен мақтанамыз» атты сынып сағаттары өтілді. ДТІЖО Сақтағанова Р.Ж. жетекшілігімен жас ұрпақты отансүйгіштікке, ардагер аталарды құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында мектептің өлкетану мұражайының материалдарын қолдана отырып, «Бізге өмір сыйлаған» тақырыбында мұражайда диалог алаңы өткізілді. «Жырлаймыз ұлы Жеңісті» 1-11 сыныптарда ән байқауы өтілді. «Бізге бейбіт өмір сыйлаған» тақырыбында жергілікті мұражай материалы бойынша

слайд көрсетілді. Ардагер аталарды бір минут үнсіздікпен еске алдық. Байқау нәтижесі бойынша 8-сынып 1-ші, 3-сынып 2-ші, 2-сынып 3-ші орындарға ие болды. 8-сынып оқушылары Ережепов С., Муханбетжанова Ш., Бопалаков А. «Менің атам майдангер» тақырыбымен челлендж жасады. Кітапханашы Секуова А.Т. «Ұлы Жеңістің тарихы» атты кітап көрмесін ұйымдастырып, 5-8 сыныптарда танымдық сағат өткізді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханашы «Ұлы Отан соғысы туралы кітап оқу» акциясын ұйымдастырды, 1-8 сынып оқушылары белсене қатысты. Сәуір айында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізіліп «Жасөспірімдер арасындағы бұзақылық» тақырыбында АПБ инспекторы аға лейтенант А.Т.Искаков баяндама оқып, тәрбиенің бастауы отбасында екені, яғни бала үшін ең алдымен ата -анасы жауапты екендігі тағы да ескертілді. Жиналысқа 65 ата - ана қатысып, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сақтағанова Р.Ж. «Бала тәрбиесі жауапты іс» тақырыбында сөз сөйледі, мектеп психологы Асқарова М.Ж. «Буллинг, кибербуллинг» атты баяндамаларын оқыды, ата-аналар өз ойларын ортаға салды. Мектеп тәлімгері Ристан Е. «Буллинг деген не және оның қандай түрлері бар?» тақырыбында 5-9 сынып оқушыларымен түсіндірме жұмысын жүргізді. 31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін құрбандарын есек алу күніне орай 5-11 сыныптарда сынып сағаттары өтілді. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық істердің алдын алу мақсатында: «Мектептегі әлімжеттілік» тақырыбына 5-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынып, әңгімелесу жұмыстары жүргізіліп қорытындысы бойынша мектепте жоғарғы сынып оқушылары арасында күш көрсететін, бопсалауға бейім оқушылардың жоқ екендігі анықталды. Мұғалімдердің, психологтың, оқушылар арасында қауіпсіз қарым-қатынас орнату бойынша бірлескен жүйелі жұмысы жолға қойылған. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша педагогикалық ұжымның, оқушылардың алаңдаушылық деңгейін айқындау бойынша бірнеше жұмыстар атқарылды. Мектепте оқушылардың жүгінімдері мен ұсынымдарына арналған сенім жәшігі орналасқан, жәшікте ешқандай арыздар мен шағымдар келіп түскен жоқ. ҚР Рәміздерін бағалауға «Мен Рәміздерді қастерлеймін», «Менің Рәміздерім- ұлт мақтанышы», «Менің Отаным-Қазақстан», «Отаным-бақыт ордасы», «Мен Отанымның ұланымын» сияқты тәрбие сағаттары, 1-8 сыныптарда, «Ата Заңым - ардағым» атты тәрбие сағаттары 9-10-11 сыныптарында өткізілді. Жалпыға бірдей құқықтық оқу аптасы аясында тарих пәні мұғалімі Қожахметова Ә.З. «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында 7-10 сыныптарда дөңгелек үстел өткізді. «Террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықпен мектеп оқушыларын танстыру» тақырыбында 1-11 сыныптарда сынып сағаттары өтілді. Халықаралық балалар сенімі телефоны күні аясында 1-11 сыныптарда сынып сағаттары өтті. «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі ММ-нің №385 шығыс хаты негізінде мектеп персоналына, оның ішінде күзет жұмыскерлеріне алгоритмдерге (іс-қимылдар мен міндеттерге) сәйкес мектеп оқушыларына нұсқаулық берілді. АӘД жетекшісі Байқалған Е. қызметкерлер мен оқушыларды эвакуациялау оқу-жаттығуын өткізді. «Ақмола облысы Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-нің №359 шығыс хаты негізінде жергілікті уәкіл инспекторы Искаков А.Т. мектеп оқушыларымен 5-11 сыныптарда жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша кездесу өткізіп, түсіндірме жұмысын жүргізді.

